**БОПИН**
**Бекболат**
**Сәкенұлы**
**Аңғар ауылы**
**«Жосалы»**
**ЖШС директоры**





# *Басу айтам...*

*Жүрек саған басу айтам, дамылда*
*Сабырға кел, іліеспейік дауылға*
*Ақ пен қара араласқан жалғанды*
*Сараласын, пайымдасын қауым да*

*Сұрыпы жоқ күрең күзге кірдік пе,*
*Өзді - өзіміз қаламыз деп білдік пе?*
*Текті жүрек, түкті жүрек, тулайсың*
*Көнбей жүрсің мынау мырғау тірлікке.*

*Сұрапылсың, қанды кейде тасытқан*
*Мысың басып дұшпанды да жасытқан*
*Алас ұрған тыныш көрмей кеудемде*
*Өзінсің ғой болашаққа асыққан*

*Кешегіңді алар дейсің кім еске*
*Тыныштал-шы, дүрсілдеме, белдеспе*
*Ел басқарған жайсаңдармен бір жүрген*
*Алтын уақыт өтіп жатыр келмеске.*

*Бүгіндері жарысып жүр жабылар*
*Кезек озып төс белгілер тағылар*
*Сүйреушінің тайып кетсе табаны*
*Мансабынан бір-ақ күнде қағылар*

*Ал біз шаппық тұлпарлармен қазанат*
*Ат үстінде жүреміз әлі, қанағат*
*Осы кезге сабыр қыла тұрайық,*
*Қалған уақыт халқымызға аманат!*